

«Бекітемін»

ҚР БҒМ вице-министрі

Сұлтанбердиева Э.А.

2017 ж.



Оқу сауаттылығы бойынша Орта білімнің оқу жетістіктерін сырттай бағалауға арналған тест спецификациясы

Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты мен жалпы білім беретін пәндердің оқу бағдарламалары негізінде құрастырылған құжат.

Оқу сауаттылығын (қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілі) бағалауға арналған тест тапсырмалары – оқушылардың мәтін мазмұнын көздеген мақсатына жету үшін қолдана білу, қоғамдық өмірге белсенді араласуы үшін білімі мен мүмкіндіктерін дамыту мақсатында жазбаша мәтіндерді түсіну, ұғыну қабілеттілігін анықтауға негізделеді.

1. Мақсаты: 11-сынып оқушыларының оқу сауаттылығы бойынша мәтінмен жұмыс істей білу дағдыларын анықтау.

2. Тест мазмұны: Тест тапсырмаларының қиындығы 3 деңгейде беріледі: бірінші деңгейде - 10, екінші деңгейде – 5, үшінші деңгейде – 5 тапсырма.

Мәтін №	Мәтіндегі сөз саны	Тапсырмалар саны
№1 мәтін	60-100 сөз	2
№2 мәтін	100-200 сөз	4
№3 мәтін	200-350 сөз	6
№3 мәтін	350-500 сөз	8

3. Тапсырма мазмұнының сипаттамасы:

Тақырып	Тақырыпша
Адам және оның коршаған ортасы	Туған-туыс. Отбасы мен отбасылық өмір құндылықтары
	Достық. Қызығушылықтар. Хобби
	Мамандық. Жұмыс
	Спорт және салауатты өмір салты. Саяхат. Демалысты ұйымдастыру. Демалыс
Білім және ғылым	Білім. Білім беру
	Ғалымдар. Биография
	Техникалық прогресс
Мемлекеттер мен қалалар	Мемлекеттер. Географиялық орналасуы. Экономикасы
	Астаналар мен қалалар. Архитектура мен құрылыс
Әлеуметтік қарым-қатынас	Бұқаралық ақпарат құралдары туралы
	Мерекелер. Салт-дәстүрлер мен құндылықтар
	Тарих. Мәдени мұра
	Адамзаттың жаһандық проблемалары
Табиғат	Табиғат құбылыстары. Ауа райы мен климат
	Жан-жануарлар, жәндіктер, құстар және өсімдіктер әлемі

4. Тапсырма формасы:

Тест ұсынылған бес жауап нұсқасынан бір ғана дұрыс жауапты таңдауға арналған 20 тест тапсырмасынан тұрады. Таңдалған нұсқаны жауап парағында берілген пәнге сәйкес орынға, дөңгелекшені толық бояу арқылы белгілеу қажет.

5. Жеке тапсырмалар мен жалпы жұмысты бағалау:

Дұрыс орындалған әр тапсырма үшін талапкер 1 балл, дұрыс орындалмаған тапсырмаға – 0 балл алады. Тест тапсырмасы толығымен дұрыс орындалған уақытта талапкер 20 балл жинайды.

ҰТО директоры

Р. Әлімқұлов